



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫНЫ БАСҚАРУДАҒЫ ҚАЗЫНАШЫЛЫҚТЫҢ РӨЛІ

Асқар Нұрсұлтан Нұрланұлы

Nursultan.askar@inbox.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ғ.Е. Керімбек

Мемлекетіміздің Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауында Қазақстанның әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына кіру мәселесін қозғады. Онда былай делінген: «Әлемнің дамыған 30 елінің қатарына ұмтылыс кезінде бізге адал бәсекелестік, әділеттілік, заңның үстемдігі және жоғары құқықтық мәдениет ахуалы қажет». Нарықтық қатынастардың құрылымында мемлекеттік қаржы зор рөл атқарады [1].

Мемлекеттің қаржысы мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік, саяси функцияларын орындау үшін оны қажетті ақшалай ресурстармен қамтамасыз ететін елдің қаржы жүйесінің маңызды сферасы болып табылады және олар экономика мен социумдағы сан алуан өзара байланыстарды қамтитын мемлекеттік сектордың өндірістік және әлеуметтік қатынастардағы іс-қимылмен байланысты. Мемлекет қаржысының іс-әрекеті кезінде өзара тығыз байланысты екі үдеріс пайда болады: мемлекеттік құрылымдардың қарамағына қаржы ресурстарын жұмылдыру және қаражаттарды мемлекеттің әр түрлі қызметтеріне пайдалану. Бұл үдерістің алғашқысы өзінің көрінісін мемлекеттің кірістері ұғымында, екіншісі мемлекеттің шығыстарында табады. Аталған ұғымда жеке дара звенолардың әрқайсысы спецификалық орын алады сонымен қатар республикалық және жергілікті деңгейлерде іс әрекет етеді.

Құрамы республикалық және жергілікті деңгейлерде қалыптасатын мемлекет қаржысында бюджеттік қатынастар маңызды рөл атқарады. Бюджеттік өзара байланыстар көмегімен мемлекеттік құрылымдардың қарамағына қаржылық әдіспен қайта бөлінетін ұлттық табыстың едәуір бөлігі жұмылдырылады. Түрлі деңгейдің бюджеттері – республикалық, жергілікті бюджеттер тиісінше өкімет пен басқарудың республикалық және жергілікті органдары үшін тірліктің қаржы базасы болып табылады.

Алғаш рет «қазынашы» деген ұғымды 15 ғасырда Иоанн 3-ден Петр Великий билік еткен уақыт аралығында Патшалық Қазынашылық басқарған мекеменің Қазыналық бұйрықтың штаттық кестесінде кездестіруге болады. Ол мекемеде алтын, күміс, ыдыс-аяқ, барқыт, жібек маталар және басқа әшекей бұйымдар сақтауда тұратын. Сол кездегі жоғарғы қаржы бақылау мекемесі Алексей Михайлович патша билік еткен уақытта құрылған Есеп бұйрығы болатын. Бұйрықтың міндеті көп жылғы кітаптар негізінде бүкіл елдің кірістері мен шығыстары, қалдықтарын есепке алу болып табылатын. Бұл бұйрық сол кезде қазіргі заманғы қазынашылықтың қызметін орындаған болатын. Бюджетті қазынашылық атқару – мемлекетпен бекітілкен мемлекеттік қазына, соның ішінде, бюджеттік қор құралдарының жүргізіліп жатқан бюджеттік, салықтық, ақша-несие, әлеуметтік және саяси реформалар шеңберінде қалыптасу мен жұмсау үдерісі. Сонымен қатар, бюджеттік қаражаттардың уақытында түсуі мен мақсатты пайдалануын бақылау, олардың есебі, мониторингі және басқару болып табылады. Қазынашылық заңнамада белгіленген тәртіппен республикалық бюджетті атқару және жергілікті бюджеттердің атқарылуына қызмет көрсету, мемлекеттік мекемелердің шоттарына қызмет көрсету, валюта түрлері бойынша ұлттық және шетел валютасында төлемдерді және ақшалай аударымдарды жүзеге асыру, республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы есептілікті қалыптастыру функцияларын орындайды [2].

Қазынашылықтың мемлекеттің қаржылық жүйесіндегі рөлі ерекше. Себебі, бюджеттердің қаржылық атқарылуын қазынашылық органдары қамтамасыз етеді. Қазынашылықтың бірнеше анықтамасы бар. Қазынашылық – бұл мемлекеттік бюджеттің

кассалық атқарылуын жүзеге асыратын мемлекеттік қаржылық орган; қазынашылық – бюджетті атқаратын, ақша қаражаттарын жұмсау мен сақтауға бақылау жасайтын мемлекеттік қаржылық орган; қазынашылық – республикалық бюджетті атқару және жергілікті бюджеттердің атқарылуына қызмет көрсету, республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы бойынша операцияларды есепке алу қамтамасыз ету және мемлекеттік мекемелердің қолма-қол ақшаны бақылау шоттары мен мемлекеттік мекемелердің шоттары бойынша операцияларды жүргізу саласындағы функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады. Қазынашылық өз қызметінде мемлекеттік бюджетке түсетін түсімдер, оларды жергілікті бюджеттер бойынша үйлестіру, жергілікті бюджеттердің шоттарын, республикалық және жергілікті бюджеттердің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің шоттарын, аударым операцияларын жүргізу және оларды есепке алуын жүргізу мәселелері бойынша жергілікті атқарушы және уәкілетті органдармен өзара қарым-қатынас жасайды. Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуына қызмет көрсету мәселелері бойынша алдын-ала және ағымдағы бақылауды қамтамасыз етеді. Қазынашылық бюджет жүйесіндегі бухгалтерлік есеп пен есептілікті және қазынашылық органдары жүйесіндегі бақылауды дамытуға және жетілдіруге қатысады.

Қазынашылық республикалық бюджеттің атқарылуына бақылау жүргізеді және жергілікті бюджеттердің атқарылуына қызмет көрсетуді ұйымдастыруын жақсартуды жүзеге асырады. Қазынашылық бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) қаржыландыру жоспарларын атқару бойынша операцияларды есепке алу қамтамасыз етеді. Қазынашылық жергілікті атқарушы және уәкілетті органдардың бірлік принциптерін сақтауын, бюджет түсімдерін қайта бөлу арқылы бюджеттердің өзара әрекетіне негізделген және бірыңғай нормативтік құқықтық базамен қамтамасыз етілген барлық деңгейдегі бюджеттердің толықтығын, нақтылығын, транспаренттілігін, жауапкершілігі мен дербестігін қамтамасыз етеді [4].

«Қазынашылық-клиент» ақпараттық жүйесі (ҚК АЖ, Жүйе) – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің және оның аумақтық бөлімшелерінің құжаттарды қабылдау және өңдеу жөніндегі функцияларды автоматтандыруды қамтамасыз ететін ақпараттық жүйесі болып табылады. ҚК АЖ – Үкіметтің қаржы ресурстарын тиімді әрі пәрменді басқаруды және бюджеттің атқарылуын бақылауды қамтамасыз ететін функционалдық сипаттар кешені. Жүйе Қазынашылықтың барлық деңгейлерін қамтиды және үкіметтік ұйымдармен, Ұлттық банкпен, төлем жүйелерімен, министрліктермен, әкімдіктермен, бюджеттік бағдарлама әкімшілерімен және мемлекеттік мекемелермен өзара функционалдық әрекет етуді қамтамасыз етеді.

Бюджеттік бағдарлама әкімшілері мемлекеттік мекемелер, квазимемлекеттік сектор субъектілері ҚК АЖ клиенттері болып табылады.

«Қазынашылық-клиент» ақпараттық жүйесінің мақсаты – замануи, интеграцияланған және тиімділігі жоғары ақпараттық органы ұсыну арқылы Қазынашылықтың қызмет көрсетілетін мемлекеттік мекемелермен өзара әрекет ету тиімділігін арттыру. Қазынашылықтың біріктірілген ақпараттық жүйесінің құрамдас бөлшегі болып табылады.

«Қазынашылық-клиент» ақпараттық жүйесінің міндеттері:

- Үкіметтің қаржы ресурстарын тиімді әрі пәрменді басқаруды және бюджеттің атқарылуын бақылауды қамтамасыз етеді;
- мемлекеттік мекемелерге қызмет көрсету жылдамдығын арттыру;
- мемлекеттік қаржыны тиімді басқару;
- мемлекеттік мекемелер Қазынашылыққа ұсынған электрондық құжаттардың жай-күйін бақылау;

«Қазынашылық-клиент» ақпараттық жүйесінің артықшылықтары – ҚК АЖ-ға 12 856 мемлекеттік мекеме, соның ішінде 315 квазимемлекеттік сектор субъектісі қосылған. 35 134 белсенді пайдаланушы мемлекеттік бюджет қаражатын есептеу және жұмсау рәсімдерін жүргізе отырып, Қазынашылық жүйесінде нақты уақыт режимінде операцияларды жүзеге асырады.

2017 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша «Қазынашылық-клиент» АЖ жүйесі арқылы өңделген (төленген) құжаттар саны: 29184110 төлеуге берілетін шот; 2146141 Азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеуге арналған өтінім; 658375 өзгерту жоспарлары мен анықтамалары; 152 071 квазимемлекеттік сектор субъектілерінің төлем тапсырмалары; 235 806 Аумақтық салық органдарының және т.б. төлем тапсырмалары.

Қазақстандық банкаралық есеп айырысу орталығынан күнделікті орташа есеппен 30 мың төлем және бюджетке 40 мың түсім өткізіледі. Айдың аяғында осы көрсеткіштер екі еселенеді, себебі осы кезеңде мемлекеттік мекемелер негізгі төлемдерді (жалақы, жәрдемақы, салық және басқаларды) өткізеді.

ҚК АЖ-дың негізгі міндеті қаржылық операцияларды уақтылы жүргізу болып табылатындықтан, жүйенің өнімділігіне түсетін жүктеме артқан жағдайдың өзінде «Қазынашылық-клиент» АЖ Қазынашылық комитетінің бірыңғай ақпараттық ортасында бірлесіп жұмыс жасау мүмкіндігін ұсынады. Мемлекеттік мекемелер өзіне-өзі қызмет көрсету режимінде құжаттардың электрондық нысандарын толтырады. Осы құжаттар тексерілгеннен, келісілгеннен және бекітілгеннен кейін олар Қазынашылықтың біріктірілген ақпараттық жүйесінде автоматты түрде қол жетімді болады.

«Қазынашылық-клиент» АЖ арқасында:

- мемлекеттік мекемелерге қызмет көрсету жылдамдығы артты;
- әкімшілік кедергілер азайды;
- «адами фактор» барынша азайтылды;
- қағаз шығыны азайды;
- сондай-ақ мемлекеттік мекемелердің уақыт және көлік шығындары да қысқарды [5].

Жалпы қазынашылықтың мәні бюджеттің атқарылуы, жергілікті бюджеттерге есеп-кассалық қызмет көрсету, заң құзыреті шегінде бюджеттің кірістері мен шығыстары туралы нақтылы есеп беру болып табылады. Қазынашылық іс-әрекеттің негізгі мазмұны қаржы жыл бойы бекітілген кірістер алу мен қарастырылған шығыстарды іске асыру үдерістері түсінілетін бюджетті атқару барысында көрінеді. Осы іс-әрекеттің маңызды құрылымдық элементі болып, негізінде кассаның бірлестік принципі жатқан, бюджетті кассалық атқару табылады. Бұл принциптің мағынасы барлық бюджеттік құралдар Ұлттық банктегі бірыңғай қазынашылық шотқа түсіп, сол шоттан барлық шығыстар орындалуын тұжырымдайды. Демек, бюджетті қазынашылық атқару жүйесі сол атқару үдерісінде пайда болатын ақша құралдарының кіріс және шығыс ағымдарын бір шотта шоғырландыруға мүмкіншілік жасайды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтің Қазақстан халыққа Жолдауы// -Астана. Елорда, 14 желтоқсан 2012.
2. «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту-Қазақстан дамуының басты бағыты» Қазақстан Республикасының Президенті-Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан, 19 ақпан 2012.
3. Өтебаев Б.С. Мемлекеттік бюджет: оқулық / Алматы: Экономика, 2014.
4. «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2014-2018 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 1543 қаулысы, 31.12.2013.
5. <https://ecc.kz/project/kaznachejstvo-klient>